«КЕЛІСЕМІН»
Қостанай облыстық
«Композиторлар одағы»
ҚБ төрағасы А.Мұқатов ______
2022 жылғы «_» қыркүйек

«БЕКІТЕМІН»
«Облыстық көркемөнерпаздардың
халық шығармашылығы мен
киносейнекор орталығы» КМҚК
басшысы __________Д.Қалқаев
2022 жылғы «_» қыркүйек

**Республика күніне орай «Тобыл сазы»**
**Қостанай композиторларының әндерін орындаушылардың**
**облыстық вокалдық байқауының**
**ережесі**

**Өтетін уақыты:** 20.10.2022 жыл.
**Өтетін жері:** Қостанай қаласы, «Мирас» мәдениет сарайы.

**Байқаудың мақсаты:**

- Талантты жергілікті композиторлардың туындыларын қайта жандандыру халыққа таныту;
- Жастардың бойына патриоттық сезім қалыптастыру;
- Әншілердің орындаушылық шеберліктерін шыңдау.

**Байқаудың шарттары мен талаптары:**

- Байқау бір ғана кезеңнен тұрады 2 ән орындау;
- Өтінім жіберу 20.09.22. бастап 10.10.22. дейін;
- Шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- Байқауға 19-30 жас аралығындағы үміткерлер қатыса алады;
- Таза сапалы минусовка;
- Вокалдық байқауға өтінім бере отырып, үміткер байқауға қатысу шарттары мен ережелерді автоматты түрде қабылдап, осы байқау қағидаларының барлық шарттары мен талаптарын орындауға және ұстануға, сондай-ақ қазылар алқасының шешімін қабылдауға міндеттенеді;

**Қазылар алқасы:**

- Байқау қатысушыларының өнерін бағалау және қорытынды шығару үшін қазылар алқасы құрылады;
- Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды;
- Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде рәсімделеді және оған барлық мүшелер қол қояды;

**Вокалдық конкурс номинациялары**

- Жеке, дуэт, трио.

**Байқау ережесі:**

- - Тобыл-Торғай композиторларының бір әнін орындау;
  - Қазақ композиторларының патриоттық бір әнін орындау.

**Байқау қатысушыларын бағалау:**

- Орындау шеберлігі мен әртістік қабілетіне;
- Дыбыс тазалығына;
- Сахналық мәдениеті мен киім үлгісіне;
- Музыкалық сүйемелдеудің, минусовканың жазылу сапасына аса мән береді.

**Қаржылық шығындар:**

- Жол ақы мен тамақтану қаржысын байқауға жіберуші жақ төлейді:

**Марапаттау жүлделері:**

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасының шешімімен жүлделі орындар анықталып, диплом кубоктармен марапатталады және ақшалай сыйлықтар беріледі.

- **1 орын (біреу)**
- **2 орын (біреу)**
- **3 орын (біреу)**
- **Арнайы сыйлық**

**Байқауды ұйымдастырушылар:**

- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК;
- Қостанай облыстық «Композиторлар Одағы » ҚБ ;
- Өтінім *(шығарманың атауы, авторы қатысушы туралы мәлемет)* hsb@ocsnt.kz электронды поштасы бойынша ағымдағы жылдың 10-шы қазанға дейін қабылданады.
- Қосымша ақпарат алу үшін байланыс телефондар: 8(7142) 56-01-29, 8(747) 606-63-62 Жансая Қайратқызы.